**Үкіметтер басшылары деңгейінде Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Мемлекетаралық Кеңесінің мәжілісін дайындау және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы (2002 жылғы 20 қыркүйек, Астана қаласы)**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 12 қыркүйек N 138-ө

2002 жылғы 20 қыркүйекте Астана қаласында Үкіметтер басшылары деңгейінде Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Мемлекетаралық Кеңесінің мәжілісін өткізудің тиімді үйымдастырылуын және оған дайындықты үйлестіруді қамтамасыз ету м а қ с а т ы н д а :

1. Қоса беріліп отырған Үкіметтер басшылары деңгейінде Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Мемлекетаралық Кеңесінің мәжілісін дайындау және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, Астана қаласының әкімі, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдар мен мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) Үкіметтер басшылары деңгейінде Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Мемлекетаралық Кеңесінің мәжілісін өткізуге шығыстарды қаржыландыруды 2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен жүзеге асырсын.

4. Жоспардың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 12 қыркүйектегі
N 138 өкімімен
бекітілген

Еуразиялық экономикальқ қоғамдастық Мемлекетаралық Кеңесінің
Үкіметтер басшылары деңгейіндегі мәжілісін дайындау
және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар
ЖОСПАРЫ
(Астана қаласы, 2002 жылғы 20 қыркүйек)

(форматы 1+6)

| Р/с N | Іс-шаралар | Орындау мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Мемлекетаралық кеңесінің Үкіметтер басшылары деңгейіндегі мәжілісін өткізу. дің бағдарламасын дайындау (бұдан әрі - мәжіліс) | 2002 жылғы 13 қыркүйек | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, ЕурАзЭҚ жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілі |
| 2 | Мәжіліске келетін делегация. лардың құрамын келісу: ресми делегация (7 адам), бірге жүретін адамдар (10 адамға дейін), күзет қызметкерлері, баспасөз, мәжіліске қатысушылардың келу және кету кестесін жасау | 2002 жылғы 16 қыркүйекке дейін | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 3 | Мәжілісті дайындау және өткізу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру мәселелерін шешу | 2002 жылғы 16 қыркүйекке дейін | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 4 | Ресми делегациялар мен бірге жүретін адамдарды күтіп алу және шығарып салуды ұйымдасты. ру, әуежайда, оның ішінде VIP залы арқылы шай дастарханын ұйымдастыру | 2002 жылғы 19-20 қыркүйек | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Астана қаласының әкімі, Республикалық Ұлан (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекаралық қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі (келісім |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | бойынша) |
| 5 | Астана қаласын жалаулармен және құттықтау ұрандарымен безендіру | 2002 жылғы 19 қыркүйек | Астана қаласының әкімі |
| 6 | Қазақстан Республикасы аумағы. ның үстінен үкімет басшыларының арнайы ұшақтарына ұшып өтуге рұқсат ету | 2002 жылғы 16-21 қыркүйек | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі |
| 7 | Арнайы ұшақтардың тұрағын, оларға қызмет көрсету және жанар-жағар май құюды қамтамасыз ету | 2002 жылғы 16-21 қыркүйек | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 8 | Ресми делегацияларға көліктік қызмет көрсету | -//- | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) |
| 9 | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің машина. ларымен жүретін бағыттары бойынша бірге жүру | -//- | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| 10 | Күзетке алынған адамдар мен делегациялардың әуежайда, жүру бағыттары бойынша, іс-шаралар өткізілетін және тұратын орындарында (бағдарлама бойынша) қауіпсіздігін қамтамасыз ету | -//- | Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| 11 | Ресми делегациялардың мүшелері. мен бірге жүретін адамдарға | -//- | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | медициналық қызмет көрсету | | (келісім бойынша), "Алматы қаласының шаруашылық басқармасы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша) |
| 12 | Қабылдаушы тараптың есебінен делегациялардың басшылары мен мүшелерін қонақ үйлерінде орналастыру мен тамақтандыруды ұйымдастыру | -//- | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Астана қаласының әкімі |
| 13 | Делегациялар мүшелеріне, бірге жүретін адамдарға, баспасөзге және күзетшілерге арналған бэйджder дайындау | 2002 жылғы 20 қыркүйекке | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 14 | Делегациялар үшін хатшылық пен штабтық бөлмелерді жабдықтау (ұйымдастыру техникасымен, телефон байланысымен, кеңселік заттармен жабдықтау) | 2002 жылғы 19 қыркүйекке | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Протокол қызметі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 15 | ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер үкіметтер басшыларының қатысуымен баспасөз конференциясын өткізу | 2002 жылғы 20 қыркүйек | Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Баспасөз қызметі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 16 | Үкімет басшыларының деңгейін. | 2002 жылғы | Қазақстан Республикасының |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | дегі ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің мәжілісіне құжаттар. дың жобаларын, ақпараттар мен анықтамалық талдау материалда. рын дайындау | 18-20 қыркүйек | Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктері мен ведомстволары |
| 17 | Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің Үкімет басшыларымен екі жақты кездесулерін ұйымдастыру | 2002 жылғы 20 қыркүйек | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 18 | Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің екі жақты кездесу. лерін ұйымдастыру | 2002 жылғы 19 қыркүйек | Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Протокол қызметі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 19 | Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің атынан ресми қабылдауды ұйымдастыру:<br>1) делегациялар басшылары үшін (қабылдауды өткізу орнын анықтау және безендіру, отырғызу, делегацияларға арналған квоталарды келісу, күзет іс-шаралары, дастархан мәзірін дайындау);<br>2) делегациялар мүшелері үшін | 2002 жылғы 20 қыркүйек | Президентінің Іс Басқар. масы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Протокол қызметі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 20 | Әрбір делегацияға бекітілген қызметкерлерді байланыс құралдарымен қамтамасыз ету | сапар кезеңінде | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |

---

Мамандар:
Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК